

«Karaganda Insulation» ЖШС «балқыту қуаттылығы тәулігіне 20 тоннадан асатын, минералдық талшықтар өндіруді қоса алғанда, минералдық заттарды балқыту» туралы көзделіп отырған қызмет туралы өтініш бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі
/

Сводная таблица предложений и замечаний по Заявлению о намерении деятельности по объекту «плавление минеральных веществ, включая производство минеральных волокон, с плавильной мощностью, превышающей 20 тонн в сутки» от ТОО «Karaganda Insulation»

Жиынтық кесте жасалған күні/Дата составления сводной таблицы:
16.07.2026 ж. / 16.07.2026 г.

Жиынтық кесте жасалған орны/Место составления сводной таблицы:
Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Бұқар-Жырау даңғылы 47, Қарағанды облысы бойынша экология департаменті / Карагандинская область, г. Караганда, проспект Бухар-Жырау 47, Департамент экологии по Карагандинской области

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы/Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: **Қарағанды облысы бойынша экология департаменті / Департамент экологии по Карагандинской области**

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарлама күні/Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: **07.07.2026 ж. / 07.07.2026 г.**

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын ұсыну мерзімі/Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: **07.07.2026–15.07.2026 жж. / 07.07.2026-15.07.2026 гг.**

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулер мен ұсыныстары/Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Мүдделі мемлекеттік орган / Заинтересованный государственный орган	Ескертулер немесе ұсыныстар / Замечания или предложения	Ескертудің немесе ұсыныстың қандай жолмен ескерілгені туралы мәлімет, немесе ескертудің не ұсыныстың
----------	---	--	---

			ескерілмеу себептері / Сведения о том, каким образом замечание или предложен ие было учтено, или причины, по которым замечание или предложен ие не было учтено
1.	«Қарағанды облысы Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ	Ұсынылмаған.	
	ГУ «Аппарат акима города Сарани Карагандинско й области»	Не представлено.	
2.	«Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Нұра-Сарысу бассейндік су инспекциясы» РММ	«Karaganda Insulation» ЖШС-нің Қарағанды облысы, Саран қаласында орналасатын «Қазақстан Республикасындағы жылуоқшаулағыш материалдар зауыты» объектісі бойынша жоспарланып отырған қызмет туралы өтініштің көшірмесін қарауға қатысты 2026 жылғы 7 шілдедегі № 2/985-И шығыс хатыңызға байланысты «Нұра-Сарысу бассейндік су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі бассейндік су инспекциясы» РММ (бұдан әрі – Инспекция) төмендегіні хабарлайды. Ұсынылған материалдарға сәйкес қаралып отырған объектінің су объектілеріне, белгіленген су қорғау аймақтары мен белдеулеріне қатысты орналасқан жерін анықтау мүмкін емес. Осыған байланысты	

жоспарланып отырған қызмет туралы өтінішті қарау үшін WGS-84 координаттар жүйесіндегі объектінің координаттарын ұсыну қажет.

Сонымен қатар төмендегіні хабарлаймыз.

Жерүсті су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде шаруашылық қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Су кодексінің 86-бабымен реттеледі.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-бабының 8-тармағына сәйкес, су объектісінің жағалау сызығынан бес жүз метр шегінде орналасқан жер учаскелерін беру су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары айқындалып, оларды шаруашылық мақсатта пайдалану режимі белгіленгеннен кейін жүзеге асырылады. Бұл талап ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, мемлекеттік орман қоры жерлерінің, сондай-ақ балық шаруашылығы мен акваөсіру объектілерін орналастыру және қызмет көрсетуге арналған жерлерге қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 92-бабының 5-тармағына сәйкес, ауыз сумен жабдықтау мақсатында пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты сулары кен орындары мен учаскелерінің шегінде жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуге, радиоактивті және химиялық қалдықтарды көму объектілерін, қоқыс полигондарын, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) және жерасты суларының жай-күйіне әсер ететін өзге де объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Инспекциямен келісу мәселесі қаралып отырған жер учаскесі су объектілерінің белгіленген су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларында, су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленген су объектілерінің жағалау сызығынан бес жүз метр шегінде, сондай-ақ жерасты сулары кен орындары мен учаскелерінің контурларында орналасқан жағдайда, Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес

		қаралатынын хабарлаймыз. Қосымша хабарлаймыз, жерүсті немесе жерасты су объектілерінен су алынған, сондай-ақ сарқынды сулар ағызылған жағдайда, Қазақстан Республикасы Су кодексінің 45 және 46-баптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсатын рәсімдеу қажет.	
	РГУ «Нура-Сарысуская бассейновая водная инспекция по охране и регулированию использования водных ресурсов»	На Ваш запрос исх. № -2/985-И от 07.07.2026 г., касательно рассмотрения копии заявления о намечаемой деятельности ТОО «Karaganda Insulation» по объекту: «Завод теплоизоляционных материалов в Республике Казахстан», расположенного г. Сарань в Карагандинской области, РГУ «Нура-Сарысуская бассейновая водная инспекция по регулированию, охране и использованию водных ресурсов» (далее - Инспекция) сообщает: Согласно представленных материалов определить месторасположение рассматриваемого объекта по отношению к водным объектам, установленным водоохраным зонам и полосам, не представляется возможным. В связи с этим для рассмотрения заявления о намечаемой деятельности необходимо предоставить координаты по системе WGS-84. Вместе с тем сообщаем следующее: Требования к хозяйственной деятельности на поверхностных водных объектах, в водоохраных зонах и полосах регулируются ст.86 Водного кодекса РК. Согласно п.8 ст.44 Земельного кодекса РК Предоставление земельных участков, расположенных в пределах пятисот метров от береговой линии водного объекта, осуществляется после определения границ водоохраных зон и полос, а также установления режима их хозяйственного использования, за исключением земель особо охраняемых природных территорий и государственного лесного фонда, земель для размещения и обслуживания рыбного хозяйства и аквакультуры. Согласно п.5 ст.92 Водного кодекса РК в	

		контурах месторождений и участков подземных вод, которые используются или могут быть использованы для питьевого водоснабжения, запрещаются проведение операций по недропользованию, размещение захоронений радиоактивных и химических отходов, свалок, кладбищ, скотомогильников (биотермических ям) и других объектов, влияющих на состояние подземных вод. На основании вышеизложенного сообщаем, что вопрос согласования с Инспекцией рассматривается при расположении рассматриваемого участка в границы установленных водоохранных зон и полос водных объектов; в пределы пятисот метров от береговой линии водных объектов, с установкой водоохранных зон и полос, а также в контуры месторождений и участков подземных вод, в соответствии с водным законодательством Республики Казахстан. Дополнительно сообщаем, в случае забора воды из поверхностных или подземных водных объектов, а также осуществления сброса сточных вод, необходимо оформить разрешение на специальное водопользование в соответствии со ст.45, 46 Водного кодекса РК.	
3.	«Саран қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ	«Саран қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ Сіздің 2026 жылғы 7 шілдедегі № 2/985-И хатыңызға жауап ретінде «Karaganda Insulation» ЖШС-нің көзделіп отырған қызметі туралы өтініші бойынша ұсыныстар мен ескертулерге қатысты өз құзыреті шегінде синтетикалық байланыстырғышта минералды (тас) мақтадан жасалған жылу оқшаулағыш бұйымдар өндірісі жөнінде төмендегіні хабарлайды. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 19-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы рұқсат беру құжаты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік	

құқықтық актілерге жоғары эпидемиялық маңызы бар объектінің сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болып табылады.

Эпидемиялық маңызы жоғары объектілер «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығымен (бұдан әрі – Тізбе) айқындалған.

Осыған байланысты көзделіп отырған қызмет туралы өтініштерде Тізбеде көзделген эпидемиялық маңызы жоғары объектілерге қатысты рұқсат беру құжатының қажеттілігін көрсету қажет.

Сондай-ақ Кодекстің 46-бабының 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдар адамға әсер ететін физикалық факторлар көздеріне, санитариялық-қорғау аймақтарын белгілеуге қатысты нормативтік құжаттама жобаларына, сондай-ақ пайдалануға берілген объектілердің белгіленген санитариялық-қорғау аймақтарын өзгерту және шикізат пен өнімнің жаңа түрлеріне қатысты жобаларға (бұдан әрі – нормативтік құжаттама жобалары) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді.

Сонымен бірге, көзделіп отырған қызмет туралы өтініштер жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттама жобаларына жатпайды.

Осылайша, қолданыстағы заңнамада көзделіп отырған қызмет туралы өтініштерді келісу жөніндегі құзырет Департаментке және оның аумақтық бөлімшелеріне берілмеген.

Сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалау көлемін айқындау және (немесе) көзделіп отырған қызметке әсер етуге скрининг жүргізу кезінде халықтың санитариялық-

		эпидемиологиялық саламаттылығы саласында рұқсат беру құжатын алу талап етілмейтінін хабарлаймыз.	
	РГУ «Саранское городское управление санитарно- эпидемиологич еского контроля»	РГУ «Саранское городское Управление санитарно-эпидемиологического контроля» в ответ на Ваше письмо от 07.07.2026 года № - 2/985-И касательно предложений и замечаний по заявлению о намечаемой деятельности ТОО «Karaganda Insulation» производство теплоизоляционных изделий из минеральной (каменной) ваты на синтетическом связующем в пределах компетенции сообщает следующее. Согласно подпункту 1 пункта 1 статьи 19 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» (далее – Кодекс), разрешительным документом в области здравоохранения является санитарно-эпидемиологическое заключение о соответствии объекта высокой эпидемиологической значимости нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения. Объекты высокой эпидемиологической значимости определены приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 ноября 2020 года № ҚР ДСМ-220/2020 «Об утверждении перечня продукции и эпидемически значимых объектов, подлежащих государственному контролю и надзору в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения» (далее – Перечень). В этой связи, в заявлениях о намечаемой деятельности необходимо указывать необходимость разрешительного документа к объектам высокой эпидемиологической значимости, указанным в Перечне. Также, согласно подпункту 2 пункта 4 статьи 46 Кодекса, государственными органами в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, проводится санитарно-эпидемиологическая экспертиза проектов нормативной документации по	

		источникам физических факторов, оказывающих воздействие на человека, установлению зон санитарной охраны; проекты по изменению установленных санитарно-защитных зон объектов, введенных в эксплуатацию, на новые виды сырья и продукции (далее – Проекты нормативной документации). Вместе с тем заявления о намечаемой деятельности не относятся к вышеуказанным Проектам нормативной документации. Таким образом, законодательством не предусмотрена компетенция Управления по согласованию заявлений о намечаемой деятельности. Также сообщаем, что определение сферы охвата оценки воздействия на окружающую среду и (или) об определении скрининга воздействия намечаемой деятельности, не требуют разрешительного документа в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения.	
4.	«Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ	Ұсынылмаған.	
	РГУ «Карагандинская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира»	Не представлено.	
5.	«Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы»	Ұсынылмаған.	

	КММ		
	КГП «Центр по сохранению историко-культурного наследия»	Не представлено.	
6.	«Қарағанды облысының ветеринария басқармасы» ММ	Ветеринария басқармасы, «Karaganda Insulation» ЖШС келіп түскен өтінішіндегі көрсетілген координаттарды өз құзыреті шегінде қарап, 1000 метр қашықтықта мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) жоқ екендігін жеткізеді.	
	ГУ «Управление ветеринарии Карагандинско й области»	Управление ветеринарии, рассмотрев в пределах своей компетенции координаты, указанные в поступившем заявлении ТОО «Karaganda Insulation», сообщает, что в радиусе 1000 метров скотомогильники (биотермические ямы) отсутствуют.	
7.	«Қарағанды облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ	Ұсынылмаған.	
	ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинско й области»	Не представлено.	
8.	«Қарағанды облысы бойынша экология департаменті» РММ	№1. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 207-бабын, газдарды тазарту қондырғыларын пайдалану кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды ескеру: 1. Тиісті экологиялық рұқсаттардың талаптарында көзделген газдарды тазарту қондырғылары және атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын	

	бақылау құралдары жоқ I және II санаттағы объектілерді орналастыруға, пайдалануға енгізуге және пайдалануға тыйым салынады. 2. Газдарды тазарту қондырғысы деп шығатын газдарды ластаушы заттардан тазарту және (немесе) оларды залалсыздандыру үшін пайдаланылатын құрылыс, жабдық және аппаратура түсініледі. 3. Газдарды тазарту қондырғыларын пайдалану қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады. 4. Егер тиісті экологиялық рұқсаттардың талаптарында көзделген газдарды тазарту қондырғылары болмаса, ажыратылған болса немесе жобада көзделген тазартуды және (немесе) залалсыздандыруды қамтамасыз етпесе, онда ластаушы заттар шығарындылары көзінің жұмысын пайдалануға тыйым салынады. №2. Қалдықтарды беру кезінде Кодекстің 336-бабының талаптарын сақтау: Қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі жұмыстарды (қызметтерді) орындау үшін кәсіпкерлік субъектілері «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің тиісті кіші түрі бойынша жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензия алуға міндетті. №3. Кодекстің 320-бабының талаптарын сақтау: 1. Қалдықтарды жинақтау деп қалдықтардың түпкілікті қалпына келтірілуіне немесе жойылуына дейін оларды түзілу процесінде немесе оларды одан әрі басқару барысында осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімдер ішінде арнайы белгіленген орындарда уақытша сақтауды айтады. 2. Қалдықтарды жинақтау орындары: 1. қалдықтар түзілген жерде оларды жинағанға дейін (мамандандырылған	
--	--	--

ұйымдарға бергенге дейін) немесе қалдықтар қалпына келтіру немесе жою операцияларына жіберілетін объектіге өздігінен әкетілгенге дейін алты айдан аспайтын мерзімге уақытша сақтауға;

2. қауіпті емес қалдықтарды жинау процесінде (контейнерлерде, ауыстырып тиеу және сұрыптау станцияларында), пайдаланудан шығарылған көлік құралдары мен (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, оларды қалпына келтіру немесе жою объектісіне әкеткенге дейін үш айдан аспайтын мерзімге уақытша сақтауға;

3. қалдықтар қалпына келтіру немесе жою операцияларына ұшырайтын объектіде оларды қалпына келтіруге немесе жоюға жібергенге дейін алты айдан аспайтын мерзімге уақытша сақтауға арналған.

Пайдаланудан шығарылған көлік құралдары мен (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы үшін оларды жинау процесіндегі уақытша сақтау мерзімі алты айдан аспауға тиіс;

4. тау-кен өндіру және тау-кен өңдеу өндірістерінің қалдықтарын, оның ішінде металлургиялық және химия-металлургиялық өндірістердің қалдықтарын олар түзілген жерде қалпына келтіруге немесе жоюға жібергенге дейін он екі айдан аспайтын мерзімге уақытша сақтауға арналған.

3. Қалдықтарды жинақтауға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес арнайы белгіленген және жабдықталған орындарда (алаңдарда, қоймаларда, сақтау орындарында, контейнерлерде және өзге де сақтау объектілерінде) ғана жол беріледі.

4. Осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімдерден асырып және (немесе) қалдықтарды жинақтаудың белгіленген лимиттерінен (I және II санаттағы объектілер үшін) немесе қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияда көрсетілген қалдықтарды жинақтау көлемдерінен (III санаттағы

	объектілер үшін) асырып қалдықтарды жинақтауға тыйым салынады. №4. Кодекстің 211-бабын, авариялар кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды ескеру: 1. Атмосфералық ауаның сапасы атмосфералық ауаға ластаушы заттардың авариялық шығарындылары салдарынан нашарлап, адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасына сәйкес халықты қорғау жөнінде шұғыл шаралар қабылданады. 2. I және II санаттағы объектілерде белгіленген экологиялық нормативтердің бұзылуына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін авариялық жағдай туындаған кезде, объект операторы авариялық жағдай анықталған сәттен бастап кідіріссіз, бірақ кез келген жағдайда екі сағаттан кешіктірмей бұл туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға және атмосфералық ауаның ластануын болдырмау үшін тиісті стационарлық шығарындылар көздерінің немесе тұтастай объектінің жұмысын ішінара не толық тоқтатуға дейінгі барлық қажетті шараларды қабылдауға, сондай-ақ мұндай авариялық жағдайдың қоршаған ортаға келтірген теріс салдарын жоюға міндетті. №5. Кодекстің 329-бабын ескеру: 1. Қалдықтарды түзушілер мен иелері қоршаған ортаны қорғау және Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету мүддесінде қалдықтардың түзілуінің алдын алу және түзілген қалдықтарды басқару жөніндегі мынадай іс-шаралар иерархиясын артықшылық дәрежесінің кему тәртібімен қолдануға тиіс: 1. қалдықтардың түзілуінің алдын алу; 2. қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау; 3. қалдықтарды қайта өңдеу; 4. қалдықтарды кәдеге жарату; 5. қалдықтарды жою.	
--	---	--

	Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2)–5) тармақшаларында көзделген операцияларды жүзеге асыру кезінде қалдықтардың иелері қажет болған жағдайда сұрыптау, өңдеу және жинақтау жөніндегі қосалқы операцияларды орындауға құқылы. 2. Қалдықтардың түзілуінің алдын алу деп зат, материал немесе өнім қалдыққа айналғанға дейін қабылданатын және: 1. түзілетін қалдықтардың мөлшерін қысқартуға (оның ішінде өнімді қайта пайдалану немесе оның қызмет ету мерзімін ұзарту арқылы); 2. түзілген қалдықтардың қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс әсерін төмендетуге; 3. материалдардағы немесе өнімдердегі зиянды заттардың құрамын азайтуға бағытталған шаралар түсініледі. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында қайта пайдалану деп әлі қалдыққа айналмаған өнімді немесе оның құрамдас бөліктерін олар бастапқыда жасалған мақсат бойынша қайтадан пайдалану жөніндегі кез келген операция түсініледі. 3. Осы баптың 2-тармағында көзделген шараларды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, қалдықтар қалпына келтіруге жатады. 4. Қалпына келтіруге болмайтын қалдықтар Кодекстің 327-бабының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз әдістермен жойылуға тиіс. 5. Иерархия қағидатын қолдану кезінде сақтық қағидаты мен орнықты даму қағидаты, техникалық мүмкіндіктер мен экономикалық орындылық, сондай-ақ қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығына және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жалпы әсер ету деңгейі ескерілуге тиіс.	
РГУ «Департамент экологии по Карагандинско й области»	№1. Учеть статью 207 Экологического кодекса Республики Казахстан (далее-Кодекс), экологические требования по охране атмосферного воздуха при эксплуатации установок очистки газов:	

	1. Запрещаются размещение, ввод в эксплуатацию и эксплуатация объектов I и II категорий, которые не имеют предусмотренных условиями соответствующих экологических разрешений установок очистки газов и средств контроля за выбросами загрязняющих веществ в атмосферный воздух. 2. Под установкой очистки газа понимается сооружение, оборудование и аппаратура, используемые для очистки отходящих газов от загрязняющих веществ и (или) их обезвреживания. 3. Эксплуатация установок очистки газов осуществляется в соответствии с правилами, утвержденными уполномоченным органом в области охраны окружающей среды. 4. В случае, если предусмотренные условиями соответствующих экологических разрешений установки очистки газов отсутствуют, отключены или не обеспечивают проектную очистку и (или) обезвреживание, эксплуатация соответствующего источника выброса загрязняющих веществ запрещается. №2. При передаче отходов необходимо соблюдать требования статьи 336 Кодекса: Субъекты предпринимательства для выполнения работ (оказания услуг) по переработке, обезвреживанию, утилизации и (или) уничтожению опасных отходов обязаны получить лицензию на выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружающей среды по соответствующему подвиду деятельности согласно требованиям Закона Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях». №3. Соблюдать требования статьи 320 Кодекса: 1. Под накоплением отходов понимается временное складирование отходов в специально установленных местах в течение сроков, указанных в пункте 2 настоящей статьи, осуществляемое в процессе образования отходов или дальнейшего управления ими до момента их окончательного	
--	---	--

восстановления или удаления.

2. Места накопления отходов предназначены для:

1) временного складирования отходов на месте образования на срок не более шести месяцев до даты их сбора (передачи специализированным организациям) или самостоятельного вывоза на объект, где данные отходы будут подвергнуты операциям по восстановлению или удалению;

2) временного складирования неопасных отходов в процессе их сбора (в контейнерах, на перевалочных и сортировочных станциях), за исключением вышедших из эксплуатации транспортных средств и (или) самоходной сельскохозяйственной техники, на срок не более трех месяцев до даты их вывоза на объект, где данные отходы будут подвергнуты операциям по восстановлению или удалению;

3) временного складирования отходов на объекте, где данные отходы будут подвергнуты операциям по удалению или восстановлению, на срок не более шести месяцев до направления их на восстановление или удаление.

Для вышедших из эксплуатации транспортных средств и (или) самоходной сельскохозяйственной техники срок временного складирования в процессе их сбора не должен превышать шесть месяцев;

4) временного складирования отходов горнодобывающих и горноперерабатывающих производств, в том числе отходов металлургического и химико-металлургического производств, на месте их образования на срок не более двенадцати месяцев до даты их направления на восстановление или удаление.

3. Накопление отходов разрешается только в специально установленных и оборудованных в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан местах (на площадках, в складах, хранилищах, контейнерах и иных объектах хранения).

4. Запрещается накопление отходов с

превышением сроков, указанных в пункте 2 настоящей статьи, и (или) с превышением установленных лимитов накопления отходов (для объектов I и II категорий) или объемов накопления отходов, указанных в декларации о воздействии на окружающую среду (для объектов III категории).

№4. Учесть статью 211 Кодекса, экологические требования по охране атмосферного воздуха при авариях:

1. При ухудшении качества атмосферного воздуха, которое вызвано аварийными выбросами загрязняющих веществ в атмосферный воздух и при котором создается угроза жизни и (или) здоровью людей, принимаются экстренные меры по защите населения в соответствии с законодательством Республики Казахстан о гражданской защите.

2. При возникновении аварийной ситуации на объектах I и II категорий, в результате которой происходит или может произойти нарушение установленных экологических нормативов, оператор объекта безотлагательно, но в любом случае в срок не более двух часов с момента обнаружения аварийной ситуации обязан сообщить об этом в уполномоченный орган в области охраны окружающей среды и предпринять все необходимые меры по предотвращению загрязнения атмосферного воздуха вплоть до частичной или полной остановки эксплуатации соответствующих стационарных источников или объекта в целом, а также по устранению негативных последствий для окружающей среды, вызванных такой аварийной ситуацией.

№5. Учесть статью 329 Кодекса:

1. Образователи и владельцы отходов должны применять следующую иерархию мер по предотвращению образования отходов и управлению образовавшимися отходами в порядке убывания их предпочтительности в интересах охраны окружающей среды и обеспечения устойчивого развития Республики Казахстан:

1) предотвращение образования отходов;

- 2) подготовка отходов к повторному использованию;
- 3) переработка отходов;
- 4) утилизация отходов;
- 5) удаление отходов.

При осуществлении операций, предусмотренных подпунктами 2) – 5) части первой настоящего пункта, владельцы отходов вправе при необходимости выполнять вспомогательные операции по сортировке, обработке и накоплению.

2. Под предотвращением образования отходов понимаются меры, предпринимаемые до того, как вещество, материал или продукция становятся отходами, и направленные на:

- 1) сокращение количества образуемых отходов (в том числе путем повторного использования продукции или увеличения срока ее службы);
- 2) снижение уровня негативного воздействия образовавшихся отходов на окружающую среду и здоровье людей;
- 3) уменьшение содержания вредных веществ в материалах или продукции.

Под повторным использованием в подпункте 1) части первой настоящего пункта понимается любая операция, при которой еще не ставшие отходами продукция или ее компоненты используются повторно по тому же назначению, для которого такая продукция или ее компоненты были созданы.

3. При невозможности осуществления мер, предусмотренных пунктом 2 настоящей статьи, отходы подлежат восстановлению.

4. Отходы, которые не могут быть подвергнуты восстановлению, подлежат удалению безопасными методами, которые должны соответствовать требованиям [статьи 327](#) настоящего Кодекса.

5. При применении принципа иерархии должны быть приняты во внимание принцип предосторожности и принцип устойчивого развития, технические возможности и экономическая целесообразность, а также общий уровень воздействия на окружающую

		среду, здоровье людей и социально-экономическое развитие страны.	
9.	Қоғам	Ұсынылмаған.	
	Общественность	Не представлено.	